

Молгаждаров К.К.

**КӨНЕ ТҮРКІЛІК КӨМЕКШІ ЕСІМДЕРДІҢ ОРТА ҒАСЫР
ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕР ТІЛІНДЕГІ КӨРІНІСІ**

Молгаждаров К.К.

**ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ОФИЦИАЛЬНОГО НАЗВАНИЯ
В ДРЕВНЕТЮРКСКОМ ЯЗЫКЕ**

K.K. Molgazhdarov

USE OF OFFICAL OF NAMES IN ANCIENT TURKIC LANGUAGE

УДК: 81/51

В статье были рассмотрены особенности служебных имен древнетюркского языка, которые были употреблены в памятниках средневековой тюркской письменности.

The article describes the features of official names of the ancient language that had been employed in the monuments of medieval Turkic writing.

Орта ғасыр жазба мұраларының тілі аралас тілде жазылғандығы түркітану шеңберінде анықталған және жекелеген түркі тілдерінің өзіндік ерекшеліктері арқылы орта ғасырдың тілдік табиғатын тани аламыз. Орта ғасыр жазба ескерткіштері тілінің лексикасы қазіргі түркі тілдерінде де, қазақ тілінде де 60-70% пайызы сол күйінде кездесетіндігі айтылып жүр. Зерттеу жұмысымыздың басты мақсаты болмаса да, көмекші есімдер арқылы қаншалықты қазақ тілімен сәйкестігін анықтау назарымызда бар. Әсіресе, көне түркі руникалық жазба ескерткіштерінде қолданылған он екі (алты, ара, башы, коды, отру, үзе, учы, ічі, өңү, тегіре, тушы, төпесі) көмекші есімдердің орта ғасыр түркі тіліндегі көрінісіне баса назар аударылады. Орта ғасыр тілінде көмекші есімдер жайлы арнайы зерттелінген еңбек болмаса да, жалпы зерттеулермен құрамына қатысты деректерді кездестіреміз. М. Сабыр зерттеу объектісі бойынша қазақ тілімен мағынасы да, тұлғасы да толық сәйкес келетін ортақ сөздерге көмекші есімдер қатарынан «ара, арт, аст, маң, орта» тұлғаларын береді. Сонымен бірге төрт ескерткіш бойынша қазақ тіліндегі бапамасымен тұлға, мағына жағынан теңбе-тең 420 сөз барын және олардың кейбіреулері төрт ескерткіште қолданылса, енді біреулері екі не бір ескерткіште ұшырасатынын, яғни әр сөздің, әр ескерткіште қолданылу жиілігі әртүрлі болады деген тұжырымына қосыламыз [1, 28-94 бб.]. Себебі, орта ғасырда жазылған оннан астам жазба ескерткіштерден көмекші есімдерді, жалпы көмекші сөздерді іздестірген уақытта, қолданылу жиілігі ле. мағыналары да әртүрлі екендігіне көз жеткіземіз. Мұндай ерекшелік тек орта ғасыр тіліне ғана емес, көне түркі тіліне де қатысты болып келеді. А.М.Щербак X-XIII ғасыр аралығындағы Шығыс Түркістан түркі тілдері мәтіндеріне қатысты зерттеуінде септеуліктермен бірге көмекші есімдерді көрсетеді. Онда ортағасырлық жазбалардан келтірілген мысалдарда «учы, башы, түбі, адағы, йүзі (беті), кашы, тапығыда (жаны, маңайы), адағы (таудың етегі), каты, алтын (асты), ічі, арасы, үсті (үзе), алтын (алды), тапуқларыда (алдында), өңү» тәрізді көмекші есімдер қамтылған [2, с. 184]. Сонымен бірге орта ғасыр мәтіндерінде кездесетін көмекші есімдердің қолданысынан ортақ ұқсастықтар мен ерекшеліктерін байқауға болады. Мәселен, ортасы сөзінің мағынасында арасы сөзі (көл арасында - посередине озера), беті сөзінің мағынасында йүзі сөзі (су йүзідэ - на поверхности воды) жүретінін, қатында және кашында сөздері синонимдес (су кашында - около воды; кішілер кашында - около людей) екенін, «алтын» тұлғалы сөздің әртүрлі мағынасында (кінтік алтын - перед пупком, йер алтын калур - под землей остаетеся) болатындығын және алды көмекші есімнің мағынасында өңүнте сөзі (синоним ретінде) жүретіндігін айта кетсе болады. Ә.Құрышжанов (орта ғасыр) қыпшақ тіліндегі көмекші есімдер қатарына «кібі (сияқты), басқа, біреу, сунрасында» тәрізді шылау мен есімдіктерді жатқызған [3, 228 б.]. «Кодекс Куманикус» жазбасының түпнұсқасы бойынша жасалынған «Куманша-қазақша жиілік сөздікте» көмекші сөздер жалпы беріліа, соның ішінде көмекші есімдер қатарынан үсті - 10 рет, орта/орту - 3 рет, ара - 3 рет, ал қалғандары бір-екіден қолданылғаны жайлы мәлімет берілген [4, 212-266 бб.]. Асылында әр мәтінде әртүрлі кездеседі. Мысалы, Диуани хикметте асты көмекші есімі ең көп қолданылып, әсіресе жер сөзімен тіркесіп келуі басым болады. Ал Құтты білік пен Ақиқат сыйы (Б. Сағындықұлы аудармасы бойынша) дастандарында үш-үштен ғана болса, Қорқыт ата кітабында (Ш. Ыбырай аудармасы бойынша) көне түркіден бері келе жатқан он екінің тоғызы жалғасып және орта ғасырлық сегізі қосылып, барлығы 17 көмекші есім қолданылған. Сонымен бірге олар әр ескерткіште тіркесті сыңары жағынан да ерекшеленеді. Жалпы қолда бар материалдар негізінде көмекші есімдердің әр жазбада әртүрлі қолданыста болатындығы анықталды. Енді дәлел ретінде кейбіріне жеке-жеке талдау сипаттамамызды бере кетеміз.

Ара: Орта ғасыр жазба мұраларында ара көмекші есім көнеге қарағанда активтенген. КТС-інде (промежуток, середина) және М. Қашқарида көмекші сөз ретінде орта ғасыр жазбаларынан мысалдар алып, «ара» формасында көрсетілген [5, с. 50; МҚ. I. 117 б.]. Жалпы ара сөзі Құтты білік, Диуани хикмет, Рабғузи киссалары және Ақиқат сыйында (басқалармен салыстырғанда) 5-10 аралығында ұшырасты. Куманша-қазақша жиілік сөздікте үш рет қолданылғандығы жайлы мәлімет бар [4, 212-266 бб.]. Ал Қорқыт ата кітабы, Оғызнама, Жұмжұма сұлтандарда 2-5 аралығында кездеседі. Мысалы: ДХ: Ғишкин сени жан дилни арасинда (1967) -

Ғашықтығың сенің жан мен ділдің арасында. Уматларның арасына тушман асла (2300) - Үмбеттердің арасына түспе әсте. ЫХ: Кэдинги келигли кишилар ара (73) - Кейінгі келген кісілер (ұрпақтар) арасында. Севулмак тиласаң кишилар ара (259) - Кісілердің арасында сүйіспеншілік тілесен. Халайық ара ол гүзинлар озин (494) - халық арасында өзі құрмет болады. ҚБ: Савы барды йаңлуқ ара сен билин (1642) - сөз арасында қателер барын сен білгін. Бұл жазба мұралар поэзия түрінде келгендіктен, ара сөзі бірде ілік септігіндегі есім сөздерден кейін келсе, бірде алыста тұрып, яғни өлеңнің не басында, не соңында келіп, мағына жағынан байланысып тұрады. Мұнда Диуани хикметте ғана арасы тұлғасында келіп, ілік септікті зат есімдермен тіркеседі, Ал, Ақиқат сыйында ара тұлғасында, яғни қосымшасыз келіп, кишилар деген сөзбен тіркесуі жиі болады. Нақ осы шақ формасында Құтты білікте де келіп, тіл, йаңлуқ сияқты зат есімдермен алые-жақын тұрып байланысады. Сонымен бірге ілік септігінің жалғауы екі түрде болады: 1) -ни (дилни -ділдің); 2) -нің (умматларнтц - үмбеттердің). Мұндай ерекшелік прозалық түрде жазылған аңыз-әңгіме, киссалардан да табылады. Мысалы: Үзенгүіе калкуп қаты чекді, уз атды, огланы екі талусының арасында уруп сақды (ҚТ.43) - үзенгіге шерініп қатты тартып, көздеп атты, баласының екі жауырынның арасына тигізді. Бу лашкарни арасида гөштга тоймаған адам қалмады (РҚ.200) - Бұл әскердің арасында етке тоймаған адам қалмады. Екинни арасида үй қылып берди (РҚ.208) - екеуінің арасынан үй салып берді. Сонымен бірге -да жатыс септік жалғауы қазіргі тілімізде шығыс септігінің мағынасына сәйкесіп, норманалады. Жалпы көне түркі тілінен бері келе жатқан ілік септігінің бұл ерекшелігі, әсіресе орта ғасыр жазбаларында жиі болатыны белгілі. Яғни. -ның/-ің ілік септігі дыбыс эуезділігін сақтамайды (сөздің -сөздің, атның - аттың т.б.) және -ың/-ің варианты тек дауыссыздардан кейін ғана (көзімнің. тамуың) жалғанып келеді. Кейде екеуі де қатар (ханның, ханың) қолданылады. Ал Рабғузи киссаларында -ни тұлғасы ғана дауысты, дауыссыздар деп талғамай жалғана береді. Диуани хикметте -ни, -нің түрлері қатар жүреді. Жалпы ілік септігінің осындай өзіндік ерекшеліктері болады. Ара сөзі бір ескерткіште күбір күйінде келсе, екіншісінде барыс, жатыс, шығыс септіктерінде түрленіп келеді. Мысалы: Елік йаз күндерінде бір күн бустан ішінде гүллар арасында бірнеше зариф ғылымлар білен отырып, инша ғылымынан бахас қылып... (Г.267) - Жаз күндерінде бір күн бак ішінде гүлдер арасында бірнеше білімпаз ғалымдармен ғылым таластырып отырып ... Тіканлар арасында гүл тұратты (йаратты) (МН.7) - Тікендер арасында гүл жаратты. Оғызнамада «йарукнуң арасында, көл арасында, черіглернің араларыда, терең мұрен арасыда» тәрізді болып келеді. Зерттеу материалдары негізінде қырыққа жуық қолданылғаны пайымдалды. Ілік септігіндегі сөздермен ашық-жасырын және алыс-жақын тұрып байланысады. Кейбір ескерткіштерде бір сөзбен тіркесіп келуі жиі қайталанады. Жалпы тіркестерде көлемдік кеңістік мағына-сындағы көмекші есім қызметін атқарады. Көне түркі тілімен салыстырғанда қолданылу жиілігі артқан.

Башы: Орта ғасыр жазбаларында башы сөзі негізгі және көмекші мағыналарында қолданылады. Біз тек мұның көмекші есім мағынасындағы жұмсалуды алып көрсетеміз. Көне түркі тілінде баш тұлғасы басқаларымен салыстырғанда білсенділердің қатарына жатады. Ал орта ғасыр жазбаларында қолданылу жиілігі екі мен бес аралығын ғана қамтиды. Мысалы: ДХ: Иликимнің башинда турғанында (2075) -Ийғымның басында тұрғанында. Тауба қылыб иол башига барыб турғил (2879) - Тәуба қылып жол басына барып тұрғын. ЫХ: Карамның башы бу ерүр кэт бил-а (334) - Адамгершіліктің басы осы, мұны жақсылап ұғып ал. ҚТ: Мейданың башына чыкарды, бұғаның башыны гелді (41) - алаңның басына шығарды, бұқаның басына келді. ОН: Оғуз жыда бірле қатның башын урды (5). Ануң башында аташлуғ йаруклуғ бір меңі бар ерді (7). Ол Урус бег оғулун тағ башыда терең мұрен арасыда йақшы берік балукқа йумшады (20). Қанға башыда тіріг (28). Аудармасы: Оғыз найзамен Қаттың басына соқты. Оның басында оттай жарық бір меңі бар еді. Сол Урус бек баласын тау басындағы терең өзеннің арасындағы жақсы берік қалаға жұмсады. Қанға басына.

Осы орайда А.М. Щербак «қанға башына» дегенді «в начале телеги» деп береді [2, с. 184]. Сонда мұны арбаның басында деп берсе болады. КК: Узын ағачы башында (13) - Узын ағаш басында. Сең-сең айры башында (41) - Сеңгір-сеңгір тау басында. Севүгкэ севуг айбы ердәм башы (ҚБ.3471) - Сүйгенге сүйіктісінің айыбы - игіліктің басы. Айақ башың мың рахмет (БК.1) - аяғыңнан басына (дейін) мың рахмет. Хорус кефил учун кимәни башыға чықып қанатларыны қағып қышқырды (РҚ.188) - Қораз кепілдік үшін кемеңнің басына шығып, қанаттарын қағып қышқырды. Сонымен башы, башы тұлғаларында келіп, мағынасы жағынан кеңейе түскен. Мысалы: игіліктің басы, айағыңнан басына дейін, ыйығымның басында, жол басына, адамгершіліктің басы т.б. тәрізді болып келеді.

Бойы: Көне түркі тілінде *бойы* көмекші есімнің мағынасында *қооы* сөзі жүргем йолаыы. Аii орта ғасыр жазбаларында *цоды, цуду* тұлғаларында келіп, бір жақты *төмен* деген үстеу сез қызметінде болады. Яғни, көмекшілік мағынада кездеспеді және көп қолданылмаған. Мысалы: Ара көрмәдук уег кылур йер куду (ҚБ.395) - арасында көрмегендей жерге төмен қарайды. Билигснзлиг ерни чөкардк коды (102) - Білімсіз Р - төмен құлдырайды (шөгеді). Орта ғасыр жазбаларында бойы сөзі орын ала бастаған :~--эне хемекші ^есім мағынасында көрінеді. Мысалы: Қырық иігидін бойына алды; иігітлерүң охшағыл бойунд адғыл, кырық инче кызы бойына алды (ҚТ.42) - Қырық жігітін жанына алды, жігіттерінді қаруландырыш жаныңа ал; кырық қынама белді қызын қасына алып. Мұндай қолданыс Қорқыт ата кітабы мен Колекс маникусте ғана кездесті. Бір ерекшелігі - аңыз-әңгімеде йанында сөзі еркін қолданылған. Бірақ, бойына сөзі синоним ретінде қатар жүреді. Жалпы көне түркі тіліндегі бойы көмекші есім мағынасындағы коды тұдғасы орта ғасырда көмекші есімде кездеспеді, бойы тұлғалыГжаңа сөз қалыптасып, көмекші есім мағынасында көріне бастаған.

Орту: Көне түркі тіліндегі *орту* көмекші есім орта ғасыр жазбаларында «*орту, орта, отпа, орту*» тұлғаларында келіп, сол мағынасында болады. Көне түркі тіліндегідей орта ғасырда да аз кездескен сездер

қатарына жатады. Бірақ, көмекші есім негізінде анық қолданылған. КТС-інде «отра» тұлғасын кереміз және ондағы мысал М. Қашқаридан алынған. Мысалы: ол іккі кіші отрааралады - б>кв. Ом сгал вдвд двумя человеками. Сол сияқты көмекші есім «орту» тұлғасының да мысалдары орта ғасыр жазбаларынан берілген [5, с. 371-374]. М. Қашқари сөздігінде «отра» формасының орту сөзінен әріптері ауысып езгеріп пмқкян сөз екендігін түсіндіреді (МҚ. I. 155 б.). Енді жазба мәтіндерден қолданысына деректемелер береліс. Мысалы: Гелүп майдан ортасында қойу верділер. Дерсехануң оғланчуғы қачмады, ағ мейдануң ортасында бақды тұрды (ҚА.41) - әкеліп алаң ортасына қоя берді. Дерсеханның ұлы қашпады. Ақ алаңның ортасынла карады да тұрды. Барыб турғыл мизан тараз ортасында (ДХ.2192) - Барып тұрғын мизан тараз ортасына. Кодекс Куманикусте «ішінде» сөзінің орнына жүрген: кап ортада кытшламыш (КК. 15) - Кап ішінле кыстайлы. М. Сыбыр ортасы сөзінің ай сөзімен Хұсрау Шырын, Махаббатнама, Г ұлстан, Нахдж әл-Фаралнстерде тіркесіп келетіндігін көрсетеді: Тәкмә бир ай ортасында уч күн руза тутғыл - Әр айдың ортасынла ораза тұт [1, 94 б.]. А.М. Щербак ортағасырлық мәтіндерінде қолданылған орта/орту көмекші есімнің орнына «сарасы» сөзінің (көл арасында - посредине озера) жүргендігін көрсетеді [2, с. 184]. Сол сияқты В.Г. Кондратьевтің еңбегінде де «ара» сөзі алынып, «орта» сөзі «послелоги-имена» қатарынан қалыс қалған [6, с. 129]. Осыған қарағанда көне түркі және орта ғасырда синоним ретінде арасы сөзі жүрген. Ол қазіргі тітімізге де бірінің орнына бірі жүре береді. Мысалы: кітаптың *арасына* ақша салдым немесе кітаптың *ортасына* ақша салдым деуге болады. Бірақ, аздаған семалық реңк бар. Кітаптың ортасы дегенде қалыптасқан түсінік (ойынша бірден дәл ортасын ашамыз. Ал кітаптың арасы дегенде парактай бастаймыз. Бірақ, әрдайым атар бір-бірінің орнына жүрмейтіндігі де белгілі. Бұл эрине, қазіргі тіліміздегі қолданысқа байланысты. Ал көне және орта ғасыр тілінде мұндай айырмашылықтағы сөйлемдерді кездестірмедік. Сонымен көне түркі және орта ғасыр жазба ескерткіштер тілінде орта сөзінің пассивтілігіне синоним сөзінің болғанлығынан деп ойлаймыз. Дегенмен, орта ғасыр жазба мұраларында орта сөзі ілік септігінде зат есімдермен ашық және жасырын түрде тіркеседі. Мәтінде орта сөзі «ішінде» деген мағынада қолданылған және *ара* сөзі синоним ретінде жүрген.

Үзе: көне түркі тіліндегі *үзе* тұлғасы орта ғасыр жазбаларында *үст*, *үзеле*, *үзра*, *үзре*, *үзе*, *үза* тұлғаларында келіп, көмекші есім мағынасында жұмсалынған. КТС-інде ортағасырлық көмекші сөз мағынасындағы «үстігә, үстүн, үстүндә, үзе, үзәлә» тұлғалары көрсетілген [5, с. 628]. Мұндай деректеме жекелеген еңбектерде де кездеседі. Мәселен, X-XIII ғасыр аралығындағы Шығыс Түркістан түркі мәтіндерінде «үзә, үзәлә, үст» нұсқалары бары жайлы айтылады [2, с. 186]. Онда біршама жазба ескерткіштерден мысалдар алынып, соның негізінде орта ғасырда үзә, үст тұлғалары қалыптасқанлығын түсіндіреді. Жалпы аталмыш көмекші есім орта ғасыр түркі тілінде қолданылу белсенділігін арттырмаса, кеміткен емес. Қазіргі түркі тілдерінде қолданылатын үст тұлғасы осы орта ғасырдан негіз алады және зерттеуге түскен ескерткіштердің барлығында кездеседі. Әсіресе, Қорқыт ата, Диуани хикмеі, Жұмжұма сұлтан және С.Сарайи шығармаларында жиірек қолданылған. Сондықтан олардың бәрін берудің қажеті шамалы, тек әртүрлі тұлғаларда келуі мен әртүрлі сөздермен тіркесуіне сөйлемдер берелік. М: К.А: Іч оғуз таш оғуз беглерін үстіне йыгнак етді (40) - Ішкі оғыз, тыс оғыз бектерінің үстіне шапан жашы. Екі талусының үстіне бұғануң көпүк турды - Бұқаның екі жауырынның үстіне көбік тұрды. Бұға *айағ үстіне* турамады (41). Соңғы сөйлемдегі үстіне сөзі қазіргі тіліміздің нормативі бойынша қосымшаның қызметіне сәйкеседі. Яғни, «бұқа *айағына* тұра алмады» болып келеді. Мұндай қолданыс өте сирек және Қорқыт ата кітабында ғана кездеседі. Мәтінде «оғлануң үстіне» тіркесі қайталанған: Оғланун анасы оғланлтт үстіне чапып чықа гелді (45) - Баланың анасы баласының үстіне (тура) түсіп, шыға келді. Ал Бакырғани кітабында «үзра» түрінде келеді. Йастық үзра текийа қылып йатайын дер (3) - жастық үстінде жантайып жатайын дер. Диуани хикметте ғарыш, жол, жер сөздерімен (иол устида, иер устида, ғари >стила) қайталантып қолданылады. Рабғузида аны үстига (195), тахт ұзасында (198) болып, үст, ұза тұлғалары барыс, жатыс септігінде келеді. Сол сияқты үзре, үзрә тұлғаларында келіп, көмекші есім мағынасында Махаббатнама, Хұсрау Шырын және Жұмжұма сұлтан жазбаларында қолданылған. Мысалы: Йэна ол тапыүзрә бір адам башы (ЖС.245) - Және ол тас үстінде бір адам басы. Йер үзра іздағанлар (ХШ.223) - жер үстінен іздегендер. Көксәм үзрә - көкірегім үстіне, тофрақ үзрә ~ топырақ үстіне (ЖС.249). йпуа үзре - ауа үстітле. су ре - су үстіне (МН). С. Сарайи шығармаларында үзе, үсті формаларында болады: ақың үзе - оның үстіне. қабре үзе отырып - қабір үстінде отырып (274), киме үстіне көтерілер (271) кеме үстіне көтерілі. .Аі Кслексте үстү тұлғасы ғана қолданылған. Мысалы: Тав үстүнде талашман, тайағы бар беш батман (17). Чапчачык үстүнде чапчачык (24) - Қияк үстінде қияк т.б.

Сонымен *үзе* көмекші есімі негізін көне түркі тілінен алса, *үст* көмекші есімі негізін орта ғасырдан алады. Бұл кезеңде екі нұсқасы да қолданылып, қазіргі түркі тілдеріндегі тұлғалық варианттарының басы болып табылады. Яғни, жекелеген түркі тілдеріндегі тұлғалық нұсқалардың негізі Оғызнама, Қорқыт ата, Кодекс Куманикус т.б. ескерткіштерінен басталып отыр және мекен, кеңістік мағынада жұсалынған. Сонымен бірге бір ескерткіште (*үзе, үст*) екі негізді нұсқасы да кездеседі.

Үчы: Орта ғасыр жазбаларында *учы* көне формасы *учы*, *учу*, *ушы* нұсқаларында қолданылады. Бұл лексема Орхон-Енисей ескерткішінде жиі *уиыраспайтын* көмекші есімдер қатарында болатын. Тап осындай сипатта орта ғасырда да қалып отыр. Ескерткіштер ішінде Кодекс Куманикус, Қорқыт ата және М. Қашқари сөздігінде берілген. Мысалы: пугак ушы - бұтақ ұшы, талдың ұшы (МҚ. I 72). Соң учы өлүмлі дүния -соңының ұшы өлімді дүние. Канатларуң учлары кырылмасын (ҚА.48) - Қанаттарыңның ұшы қырылмасын. Соңғы сөйлем тұрақты тіркеске айналған. Сол сияқты «көз ұшымен» деген де кездеседі. Мысалы: Лутфі сары көз учы біле кылды ніғахы - в сторону Лутфи она взглянула краешком глаза [2, с. 184]. Кодекс Куманикусте сан есімдермен

келуі бар: Екі учуна тасма керек (13) - екі ұшына таспа керек. Бір учу қым қытшлар, бір учу йай йайлар (22) - бір ұшына қыс қыстайды, бір ұшына жаз жайлайды. М. Қашқари сөздігінде «1. нәрсенің ұшы, 2. шекара. киян-шет. 3. Бір нәрсенің таусылуы (оғызша)» деген мағыналары берілген(МҚ. I. 72).

Жалпы *уч* сөзіне тәуелдік жалғауының III жақ қосымшасы тікелей де, көптік жалғауынан кейін де жалғанып, тіркестегі алдыңғы сыңарлары ілік септігінде ашық және жасырын түрде келіп байланысады. Орта ғасыр жазбаларында *учы* сөзі әртүрлі тұлғалық нұсқаларда. тұрақты тіркесте және зат есім. сан есімдермен тіркеседі. Бірақ, қатданылу жағынан белсенділік танытпайды.

Іші: Көне түркі руникадыл жазба ескерткіштерінен бері келе жатқан *іші* көмекші есімі орта ғасыр жазбаларында қолданылу жағынан біршама активтенген. КТС-ыде және М. Қашқарида көмекші сөз ретінде *іч/іш* тұлғалары көрсетілген [5. с. 201; МҚ. I]. В. Кондратьев *ич* түрінде «последологи - имена» деп, VIII-XI ғасыр жазба мұраларынан сөзлеаде берген. Мысалы: Муна амты балык ичинэ киргэли турур - он теперь вот-вот войдет в город (11). Өтрү тэгин балык ичині кирти - Затем принц вошел в город (КП). Бэн өлтүм тургиш ел ичинтэ. Я умер в турецком государстве (Е.37). Талуи ичинтэ иокадты - Они погибли в океане [6, с. 129]. Ескертаіштердің ішінде *ічре* сөзі Қорқыт ата, Махаббатнама, Жұмжұма сұлтан, Диуани хикметте кездеседі. Мысалы: Баска гөрсө бір деренүң ічіне қарға күзгын інер чықар (ҚА.44) - көз жіберіп қараса бір сайдың ішіне қарға-күзгын юреді, шығады. Қорқыт жазбасында *іші* сөзі 15 шақты қайталанып, негізгі және көмекші чағынаарынза жрісаяынған. ОН: Ошул орман ішінде бедүк бір кат бар (54.3) - Осы орман ішінде үлкен бір кат бар. Оғуз қағанның аты Мұз тағ ічіге качыб кетті (26) - Оғыз қағанның аты Мұз тауының ішіне кашып кетті. РК: Кимзеи ичида уч нимөрсә йок ерди (186) - Кеменің ішінде үш нәрсө жоқ еді. ДХ: сажжин нчра - дозак ішіне (372), надан ичра - надан ішінде (584), халка ичра - халық ішінде (632), майдан ичра - мандян ішінде (749) т.б. тіркестерде қайталанып, ичра тұлғасында ғана келеді. Ақиқат сыйында аталмыш сөз өте сирек және басқа тұлғалы сөзбен аударылған. Мысалы: Салабат ичинда "умар дэг ариф (53) - *шарнаг* жалында Омар сияқты білгір. Сол сияқты Махаббатнаманың аудармасында берілмейтін тұстары за юезиеседі. Бірақ, біз оларды тіркесті түрлерінде алып береміз. Мысалы: бустан ішінде - бақ ішінде (156), нұксан ішінде - нұксан ішінде, дүржі ичра (249) - дүр ішінде, дэрия ішінде - дария ішінде (287), жан ичра (338) - жан ішінде, ұжмах ішінде (352) - жұмах ішінде т.б. тэрізді болып келеді. Тилэк учмак ичрэ балур күт йөлэк (ҚБ.3476) - Құг-береке тілегенің жұмах ішінде. Хұсрау-Шырында ас ішінде - ас ішінде, сөз ичра - сөз ішіне (219-221) тэрізді тіркестерде келеді. С.Сарайи шығармаларында да бусіан ішінде, Мысыр ічше (269), жүд ішінде деп қолданылған. Жұмжұмада бағ ішінде, қара топрак ішінде (244), хұсн (сұлу) ічіняе (246), тамұғ ичрэ (250), уади ічіна - шұңқұрдың ішіне (252), табут ичра (253) т.б. көбіне араб-парсы сөашермен тіркес құраған. Мұндай құбылыс көне түркі руника жазбаларында жоқ.

Сонымен орта ғасырда *іч, ич* нұсқаларында келіп, араб-парсы тілінен енген діни сөздермен тіркесуі ба:-: . Іг.ігіа Бік септігі жасырын тұрады. Ал *иш* формасына жатыс септігі тікелей де, тәуелдік жа."-а>ыван кейін де жалғанады. Жалпы көмекші есім мағынасында жиі қолданылған.

Көнетүркі тілінде өте сирек кездесетін *төңірегі* мағынасындағы *тегіре* деген көмекші есім орта ғасыр жазба ескерткіштерінде ұшыраспады. Оның себебі, синоним сөздерікің қолданылуы салдарынан болып отыр. Яғнң. төңірегі сөзімен мағыналас *айналасы, жаны, қасы, қаты, маңы, тұсы* сөздері бар. Сол сияқты *өңу* сөзінің де *беті, йүзі алды* тэрізді синонимдерін айтса болады. Бірақ, *өңу* тұлғасы көмекші есім мағынасында жалғасын табады.

Жалпы қорыта келе орта ғасыр жазба ескерткіштерінде мынадай көмекші есімдер бары анықталды: *алт/аст* (*цат, исра*), *ара, алд/өң, баш, бой, йаца, йүз, йан* (*цаи, цат*), *орн, орт(отр, орт)*, *үзе/үст, уч, ич/лч/іш*, *тушы. төпү, түп, тат, иагру, атрафы*. Осылардың ішінде көне түркі тілінде калыптасқан 12 көмекші есімнің 10-ы (зчы, башы, өңү, тегіре, үзе, алты, ара, орту, ічі, тушы) жалғасын тауып отыр. Ал коды сөзінің көмекшілік қызметін кездестіре алмадық, бірақ оның мағынасында басқа тұлғалы көмекші есім калыптасқан. Орта ғасыр жазбаларында *ара, баш, үзе, ичре* сөздері қолданылу жағынан активтенген және бұл кезеңде де олар ілік септігіндегі сөздермен ашық-жасырын түрінде тіркеседі. Сонымен бірге кейбірі белгілі бір сөздермен қайталанып келуіне қарағанда тұрақтана бастаған. Мысалы: кишилер ара, ғарыш үстида. жол үстида, бустан ішінде, дозак ішіне т.б.

Кейбір көмекші есімдердің тұлғалық нұсқалары (*үзе/үст; ич/Уич; орта//орту, учы//ушы*), оконим (алты: асты, алды; қат: асты, жаны), синоним (алды, өңү; йаны, кашы, қаты; ортасы, арасы; йүзі беті) қатарлары калыптасқан. Сонымен бірге әр ескерткішке әртүрлі тұлғалары қолданылған. Мысалы: Диуани хикметте ичра тұлғасы ғана болса, Ақиқат сыйы, Хұсрау-Шырын, Жұмжұма сұлтан, Махаббатнамаларді іч тұлғасы жүреді. Кейбірінде екеуі де қатар көрінеді. Қазақ тілінің нормативі бойынша аударылған кезде үсті сөзінің мағынасы барыс, көмектес септік қосымшаларымен беріледі. Мысалы: Бұға аяғ үстіне турамады, дүшді, тепесінүң үстіне йыкылды (ҚА.41) - Бұқа аяғына тұра алмады. құлады. тебесімен жьтғыллы).

Жалпы көмекші есімдердің араб-парсы тілінен енген діни сөздермен тіркесіп келуі басым. Сол себептен де тіркесті сыңарлары сан жағынан біршама артқан. Мысалы: көне түркі тілдерінде ара сөзі екін, қамуш, бусанч, ерін, кіші, оғуз, ел сөздерімен -тіркесіп келсе, орта ғасырда дилни, умматлар, кишилар, халайық, тил, йаңлуқ, талусы, лашкарни, екинни, гүлнар, тіканлар, черіглер, көл, йарукның, мүрен т.б. сөздерімен тіркесіп келген. Сол сияқты *үзе/үст, баш/бас, ичре/іші* көмекші есімдерін де қосуға болады.

ЕСКЕРТПЕ: КТС - Древнетюркский словарь. л.: Наука. АН СССР иностр. языкознания. 1969, -676 с. МҚ - Егеубай А.Қ. М.Қашқари Диуани лұғат-ит түрк. -Алматы: Хант, 1997-1998.1-ІІІ том. ҚА - Қорқыт ата кітабы.

ОН - Оғызнама. ҚБ - Құтты білік. БК - Бақарғани кітабы. ДХ - Диуани хикмет. РҚ - Рабғузи қиссалары. ЫХ - Ыбатул хақайиқ. МН - Махаббатнама. ХШ - Хұсрау-Шырын. ЖС - Жұмжұма сұлтан. КК - Кодекс Куманикус.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Сабыр М.Б. Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде). Алматы: Қазақ университеті, 2004. -316 б.
2. Щербак А.М. *Грамматический очерк языка тюркских текстов X-XIII вв. из восіочноі о Тркссісіні. М., Л.. Изд-во АН СССР, 1961. -204 с.*
3. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. *Алматы: Мектеп, 1971.-311 б.*
4. Құрышжанов А.Қ., Жұбанов А.Қ, Белботаев А.Б. Куманша-қазақша жиілік сөздік. *Алматы: Қаз ССР «Ғылым» баспасы, 1978. -277 б.*
5. Древнетюркский словарь. *Л.: Наука. АН СССР, иностр. языковедения. 1969. -676 с.*
6. Кондратьев В.Г. Грамматический строй языка памятников древнетюркской письменности VIII-XI вв. -Л.: Изд-во ЛГУ, 1981.-190с.

Рецензент: д.филол.н., профессор Авакова Р.А.
